

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы "Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 87 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 мамырдағы № 139 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 13 мамырда № 209-19 болып тіркелді

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 наурыздағы "Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" № 87 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №194757 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 - қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облысының әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы
10 мамырдағы № 139 Қаулысына
қосымша

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы
" 20 " наурыздағы № 87 қаулысына 1
қосымша

Жетісу облысының су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

№	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймақтарының ені, (метр)	Су қорғау белдеулерінің ені (метр)
1	Голубиновка өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
2	Мельничный өзені	Ескелді ауданы	500	35-100
3	Қоғалы өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
4	Сарыбұлақ өзені	Ескелді ауданы	500	35-100
5	Тыңбас өзені	Кербұлақ ауданы	500	35-100
6	Рай көлдері	Ақсу ауданы	300	100
7	Көксай жоба аймағындағы су объектілері (Қоғалы өзені, Қосбастау, Бұлақ, Қарамола,	Кербұлақ ауданы		35

	Байғабат, Коксай, Белый ключ, Коноваловская, Бурымбай ағындар)		500	
--	---	--	-----	--

Ескертпе:

су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ендері бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК